**«Павлодар қаласының № 4 сәбилер бақшасы» КМҚК**
**Мемлекеттік тілде оқытатын дене шынықтыру нұсқаушысы лауазымына**
**конкурс жариялайды**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру ұйымының атауы | Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 4 сәбилер бақшасы» КМҚК |
| | орналасқан жері, пошталық мекенжайы | 140008, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13 |
| | телефон нөмірлері, | 8 (7182) 64-15-52 |
| | электрондық пошта | sad4@edu.goo.kz |
| 2 | Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы, жүктемесі | Дене шынықтыру нұсқаушысы, 0,75 **ставка** |
| | негізгі функционалдық міндеттері | балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;<br>үлгілік оқу жоспары мен медициналық персоналдың ұсынымдарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес дене шынықтыру (жүзу) бойынша ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады;<br>дене тәрбиесі бойынша озық педагогикалық тәжірибені зерделеумен, жалпылаумен және таратумен айналысады, отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу, авторлық әзірлемелерді зерттеу негізінде инновациялық технологияларды енгізеді;<br>денсаулық сақтау және денсаулық сақтау технологияларын қолдану мәселелерінде ата-аналарға консультациялық көмекті жүзеге асырады;<br>ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген;<br>дене шынықтыру-сауықтыру дамыту ортасын құруға қатысады, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымымен бірлесіп, сондай-ақ ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен ұйымдастырушылық-әдістемелік және практикалық жұмысты, бұқаралық іс-шараларды өткізуді жүзеге асырады;<br>ұйымдастырылған оқу қызметін, спорттық мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу кезінде санитариялық-гигиеналық жағдайларды және қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етеді;<br>арнайы медициналық топтың балаларымен қосымша сабақтар өткізеді;<br>оқу, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары бойынша белгіленген есептіліктің құжаттамасын жүргізеді. |
| | еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары | - **еңбек өтілі мен біліктілік санатына сәйкес төленеді**;<br>- арнайы орта білім (min): 133619,43 теңге;<br>- жоғары білім (min): 180310,31 теңге |
| 3 | Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары | жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат; жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;<br>және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;<br>және (немесе) жоғары деңгейдегі біліктілік педагог-шебер үшін мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушысы лауазымындағы жұмыс өтілі – 5 жыл. |
| 4 | Құжаттарды қабылдау мерзімі | **12.12.2023-22.12.2023** |
| 5 | Қажетті құжаттар тізбесі | 1) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Конкурсқа қатысу туралы **өтініш**;<br>2) **жеке басын куәландыратын құжат** не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған **жеке іс парағы** (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);<br>4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес **білімі туралы құжаттардың көшірмелері**;<br>5) **еңбек қызметін растайтын құжаттың** көшірмесі (бар болса);<br>6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша **денсаулық жағдайы туралы анықтама;**.<br>7) **психоневрологиялық ұйымнан анықтама**;<br>8) **наркологиялық ұйымнан анықтама**;<br>9**) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты** (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің **біліктілік санатының болуы туралы куәлік** (болған жағдайда);<br>10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған **Бағалау парағы;** |
| **6** | Уақытша бос лауазымының мерзімі | жоқ |